

Кенесары әскерлерінің жеке отрядтарын баскаргандар арасында VII казак жүзінің халық арасында есімдері белгілі батырларын кездестіреміз: Наурызбай, Ағыбай, Иман, Жанайдар, Басықара, Жеке батыр (Толеубай), Бұқарбай, Таймас, Мәнжі, Сүраншы, т.б.

Кенесары әскерінің данқты қолбасшысы болған адам – Ақжолтай Ағыбай батыр. Ағыбай тағдырының Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыспен біте қайнасканы соншалық – олар туралы әңгімені жеке дара айту қиын. Бұлардың қай-қайсына да айтылған сөздер бір арнаға сарқып құя береді және ол аңыз ешқашан таусылмайды. Ойткені мұның бәрі казак халқының азаттығы туралы мәңгілік арманның ұлы желісіне жалғасатын сырлар мен мұңдар.

Белгілі акын Жәніс Қашкыновтың «Ақжолтай Ағыбай батыр» атты тарихи очеркінде (Алматы, Балауса, 1996, 64 бет) мынадай қызық деректер келтірілген: «Алашорда партиясының қосемі Әлихан Бөкейханов «отіп бара жатқан, әдейі келген жолаушылардың ойлары мен тілектері жазылып қалсын» деп, кезінде Ағыбай күмбесінің ішінде альбом ашыпты. Сол альбом да, кейін Қаныш Сәтпаев пен Әлкей Марғұлан ашқан екінші альбом да жоғалып кеткен. Кейінгі ашылған альбомға зиялы қауымның ізгі тілектері жазылған. Ағыбайдың асында тойға барған қонақтармен бірге мен де «Хан Кене – Ер Ағыбай» деген өлеңімді сол альбомға жазып қалдырдым.

«О, Хан Кене!

Таптады жау ата жұрт, салтынды да,

Жан қысылып, кеудеде алқынды ма.

Құш жұмсадың жинауға біріктіріп,

Шашыраган тарыдай халкынды да.

Басынды алтын тіктін де күніне олім,

Рахатын қормедін дүниенін,

Қазагынды тәуелсіз ел етуге,

Ат үстінде откіздің өмір сүріп.

Кәпірдің де негіз бар қорқында,

Жолбарыстай жүрдің сен жортуылда.

Қорқау қасқыр сияқты бұқпантайлап,

Ездер түрды патшанын қолтығында.

Бүлт қойылып еркіндік аспанында,

Алай-түлей болды әлем қас қағымда.

Сәл осалдық танытсан айбат қылмай,

Түрды жауын күзгіндай бас салуга.

Халқын үшін қажымай қайрат кылып,

Жауга шаптын атқа да жайдақ мініп.

Тіршілікте жанына тыным бермей,

Арыстандай мерт болдын айға атылып.

Қазагына қашан да берді ме ерік,

Қасиетті ортеді жерді келіп.

Бүгінгі күн үл-қызын марқаяды,

Сен ансаған тәуелсіз елді көріп.

Кешті халқын не сүмдық, сүркияны,

Мешеуліктің торлады бұлты вяны.

Оз алдына ел болып, отау тіккен,

Тәуелсіздік көнілге нұр қияды.

...Ағыбай бас батыры хан Кененін,

Жорықта күш қайратын салды өнерін.

Қызғыштай қорғай білді кен даласын,

Кемедей қайрылып қалған елін.

Арбасқан өмір, өлім, қатал сынға,

Бел шешіп түсті батыл, жата алсын ба.

- Ағыбай жолы болғыш бас батырым,

Ақжолтай – депті Кене, - аталсын да!

Жанары қыран күстай шашқан жалын,

Жорықта көп сынады жастай бағын.

Айырылып хан Кенедей серігінен,

Окініп тістей берген бас бармағын.

Батырдың қапаланар жөні бар-ды,

Тотелеп тоске салган жолы калды.

Үлтандай иеленер жер бүйырмай,

Ак патша, жандайшаптар боліп алды.

Корсетті қаһар тогіп күш каттыга,

Жауына тіршілікте ұстатты ма.

Шұбыртпалы Ағыбай атанса да,

Корді гой қағы мен қыспақты да.

Кешегім сағымдай боп бұлдыр калып,

Туды гой ансап күткен күн бір жарык.

Елтанбам арайлана жарқырайды,

Өнүран қокті керней күмбір қагып.

Теніздей ашық аспан молдіреді,

Қазағым тыныштықты мол тілейді.

Хан Кене, Ер Ағыбай арман еткен,

Тәуелсіздік жалауы желбіреді.

Танытып бар әлемге қазақ атын,

Ел басында Нұрсұлтан азаматым.

Қозі ашық, қонілі ояу ості ұрпағын,

Тарихтын жана бетін жаза алатын».

Акжолтай Агыбай батыр 1885 жылы Балкаш колінде Тасарал камалында қайтыс болды. Аты аңызға айналған батырдың денесін Түркістан жағына Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне қоюға орыс отаршылдары қарсылық білдірген.

Рәшит Кәренов «Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?!»

Азия Транзит №8(29) тамыз 2002